


# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

## Иса – Ұлы Ұстаз



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Byron Unger; Lazarus  
Alastair Paterson

Бейімдеген: E. Frischbutter, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.


Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1



Иса осы және  
өткен замандарда өмір  
сүргендердің арасындағы Ұлы Ұстаз  
болды. Халық Оны тыңдады. Иса оларға мейірімді,  
жақсы және қайырымды болу керегін айтты.  
Басқалар оларды жек көріп, оларға қасірет әкелуі  
ықтимал, бірақ Құдай оларға қамқор болады.

2



Иса көп нәрсе үйретті. Ол шамның үйді жарық еткені сияқты Құдай халқының да әлемді жарқырататынын айтты. Қараңғы бөлмедегі шамның қандай мағынасы бар?

3



Иса осы сөздерін айтқан адамдар кек қайтаруға сенетін: «Көзге –көз, тіске –тіс». Бірақ Иса қайырымдылыққа, кешірімге және жауларына деген сүйіспеншілікке үйретті.

4



Исаның заманында кейбір адамдар өте киелі болып көрінуге тырысатын. Олар жарлыларға ақша таратып берген кезде, олардың жанында елдің бәрін қарту үшін керней тартатын адамдары болды. «Өзіңнің құрбандығыңды құпия бер, сонда

Құдай сені марапаттайды», –деді Иса.

5




Иса мінәжат туралы да осылай үйретті. Кейбір адамдар бәрі өздерін көріп әрі есту үшін жұрт көп жүретін көшелердің бұрышында сиынатын. Олар Құдайға мән бермеді. Басқалардың өздері туралы не ойлайтындарына ғана мән берді. Иса оларды алдамшы өтірікшілер деп атады.

6



Иса Өзінің ілімін түсіндіру үшін табиғатты жиі пайдаланды. Мәселен Ол құстарға нұсқады. «Сендердің көктегі Әкелерің оларды қоректендіреді, –деді Ол. –Уайымдамандар, Құдай сендерді де солай тамақтандырады.

7



«Тіпті бай болған патша Сүлеймен де лалагүл тәрізді жақсы киінбеген, –деп жалғады Иса сөзін. –Егер Құдай далада өсіп тұрған шөпті солай киіндірсе, Ол сендерді де киіндірмей ме?» Иса адамдарды біздің барлық мұқтаждығымыздың қамын ойлайтын Құдайға сенім артуға үйретті.

8



«Егер сен өз бауырыңды айыптасаң, бұл, өз көзінде орасан зор бөрене тұрғанымен, оның көзіндегі жаңқаны алып тастауға тырысумен тең», –деді Иса. Мүмкін адамдар күлген болар. Бірақ олар Оның не айтқысы келгені жайында ойлану керек болды.



9

Иса адамдардың Құдайдан көмек сұраулары керектігін айтты. Жердегі әкелер қарны аш балалары нан сұраса, тастың кесегін берер ме еді? Жок! Олар жақсы нәрсе береді. Құдай да Өзінен сұрағандарға игілік береді.



10

Иса, Ұлы Ұстаз, жалған пайғамбарлар жайында ескертті. «Олар қой терісін жамылып алады, –деді Иса. –Бірақ олардың іштері қасқыр». Ол жалған пайғамбарларды олардың өмірлеріне қарап білуге болатынын айтты.




11

Иса айтқан әңгімесінде Ол Құдай Сөзіне бағынған адамдар өздерінің үйлерін жартасқа салған адамға ұқсайтынын көрсетті. Қатты дауыл көтерілді. Бәрі аяқталған кезде, үй орнында берік тұрды.



12

Бірақ ақымақ адам өзінің үйін құм үстіне салды. Қатты жел соққан кезде, ол өзінің әлсіз іргетасына бола құл-талқаны шықты. Иса Құдай Сөзіне мойынсұнбайтын адамдар осы адамға ұқсайтынын айтты.



13

Тобыр Исаның сөздеріне қайран қалды. Олар бұрын осыған ұқсас еш нәрсе естімеген еді. Енді олар Құдай Сөзін тыңдап қою жеткілікті емес екенін білді. Олар, сондай-ақ, оған әр күні бағыну керек.



14

Иса – Ұлы Ұстаз

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Матай 5-7, Луқа 6

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130

15

42

60

16



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді  
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын  
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.  
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,  
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.  
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің  
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,  
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,  
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,  
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,  
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін  
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

17